

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Бөлім I. Қаржы нарығы.....	5
1.1 Қаржы нарығының мәні және оның құрылымы.....	5
1.2 Қаржы нарығы: абритаж және нарық тиімділігі.....	7
Бөлім II. Нарық жағдайындағы қаржы – несие жүйесі.....	12
2.1 Несие–банк жүйесі.....	12
2.2 Бағалы қағаздар және олардың айналу мәселелері Қор биржасы.....	16
2.3 Мемлекеттік бюджет.....	19
Бөлім III. Қазақстан Республикасындағы қаржы нарығы.....	21
3.1 Қаржы және валюта нарығының ерекшелігі.....	21
3.2 Қаржы нарығында қолданылатын ақша агрегаттары.....	23
3.3 Қазақстан Республикасындағы валюта саясаты.....	25
Қорытынды.....	28
Қолданылған әдебиеттер тізімі.....	30

## Кіріспе

Бұл курстық жұмыстың тақырыбы “Қазақстан Республикасындағы қаржы нарығы”. Курстық жұмыс үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімнің тақырыбы “Қаржы нарығы”, бұл тақырыпта негізінен екі тақырыпшадан тұрады.

Бірінші тақырыпшада “Қаржы нарығының мәні және оның құрылымы”. Мемлекеттік, экономиканың алғашқы буындарының алғашқы қаржылары, капиталдың қаржысы қаралады.

Екінші тақырыпша “Қаржы нарығы: әрітраж және нарық тиімділігі” деп аталады. Мұнда негізгі көзделетін мәселелер: әрітраждың түрлері, нарық тиімділігінің түрлері, нарық тиімділігін дәлелдейтін фактілер және тағы басқалар.

Екінші бөлімнің тақырыбы “Нарық жағдайындағы қаржы несие жүйесі”. Ол негізінен үш тақырыпшадан тұрады: несие банк жүйесі, бағалы қағаздар және оның айналу мәселелері және қор биржасы, мемлекеттік бюджет және бюджет тапшылығы.

1. Несиенің түрлері, несиенің қызметі, банк жүйесінің тәжірибелері, Ұлттық банк қызметі, коммерциялық банкілердің классикалық қызметінің векселдік айналымға негізделген жүйесі және тағы басқалар осы тақырыпшада қаралады.

2. Бағалы қағаздар, капитал салудың сенімділігі, облигацияның түрлері, бағалы қағаздардың сауда – саттық орталығындағы орны туралы мәселелер осы тақырыпшада анықталады.

3. Бюджет тапшылығы, мемлекеттің негізгі қаржылық жоспары, мемлекеттің ішкі және сыртқы қарыздары және мемлекеттік шығындар үшінші тақырыпшада қарастырылады.

Үшінші бөлімде көзделетін негізгі тақырып “Қазақстан Республикасындағы қаржы нарығы”. Осы тақырыпта Қазақстан Республикасындағы қаржы нарығының жетістіктері мен келісіліктері қаралады. Осы орайда үш тақырыпша үшінші бөлімді толықтырады: қаржы

нарығының ерекшелігі, қаржы нарығында қолданылатын ақша агрегаттары, Қазақстан Республикасындағы валюталық саясат.

Бірінші тақырыптада көзделетін мәселелер: Қазақстандағы капиталдың нақты секторға еркін бағыттай алатын қор нарығының дамып-тасуына айрықша мән-бөлу керектігі, нарықтық экономикаға бет бұрған өркениетті мәдениеттің айқын сипаттары, дамыған қор нарығындағы трансферттік менеджменттің талаптары, осы секілді жексіздіктер салдарынан акциялар пакеті басқаруға берілген компаниялар.

Екінші тақырыптада ақша жиыны, орташа ресми айырбас бағамы, орташа жылдық бағамдар формулалары қаралған.

Үшінші тақырыптада Қазақстан Республикасының валюта жүйесі қаралады. Қазақстан заңдары бойынша валюталық реттеудің объектісі мен субъектісі, нарыққа ету кезінде Қазақстан Республикасы егеменді ел ретінде өзінің тәуелсіздігі кезеңінде валюталық саясат жүргізуі, Қазақстан заңдарына сәйкес шетел валютасын сатып алу және сату анықталады.

## Бөлім I. Қаржы нарығы

### 1.1 Қаржы нарығының мәні және оның құрылымы

Қайсы бір ел болмасын, оның экономикалық жүйесі ең алдымен өзара байланысты үш жүйеден тұрады: мемлекеттік қаржы, Экономикалық бастапқы буының қаржысы (кәсіпорындар, ұйымдар және т.б.) және халықтың қаржысы. Бұдан басқа экономиканың қаржы жүйесіне, шаруашылықтың-Бірлестіктер, трестер, ассоциациялар, концерндер сияқты әртүрлі типтерінің, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың қаржылары да жатады. Өндірістік салалық ерекшеліктеріне байланысты өндірістік қаржылары, құрылыс қаржылары, сауда қаржылары және т.б. болып та бөлінеді. Осы қаржы жүйесінің маңызды буындарын қысқаша сипаттайық.

Мемлекеттік қаржы – бұл мемлекеттің өзіне міндетті қызметін атқару үшін қажетті (жалпы шаруашылығын басқару, қорғаныс, заңдылықты және құқық тәртіпті қорғау және т.б.), ақша қорларының жүйесі.

Экономиканың алғашқы буындарының қаржылары – бұл кәсіпорындардың өндіріс пен ұдайы өндіріс процесін қамтамасыз ететін, оның шаруашылық шеңберінен аспайтын ақша қорларының жүйесі.

Халықтың қаржысы – бұл тұрғындардың еңбек ету, шаруашылық жүргізу және басқа қызметтер негізінде алатын табыстарынан қалыптасатын ақша қорлары. Халық бұл қорларды өзінің меншігі мен әл-ауқатын жоғарлату мақсатына жұмсайды. Соңғы екі жүйенің есебінен мемлекеттік қаржы үшін қаражаттар жиналды. Бұрын кері байланысы бар: мемлекеттік қаржыда шоғырланған қорлар көлемді инвестиция, субсидия және дотация түрінде халық шаруашылығына қайта оралып келеді. Сондықтан барлық қаржы жүйесінде мемлекеттік қаржы шешуші роль атқарады.

Қаржы нарығы бағалы қағаздар, қарыз, валюта және капитал нарықтарынан құралады. Оны жасаудағы басты мақсат уақытшабос ақша қаражаттарын мемлекеттің, кәсіпорындардың және акционерлік ұйымдардың мұқтаждарына жұмылдырып жұмсау болып табылады. Әкімшілік - өміршілік

басқару жүйесі жағдайында қаржы нарығының қызметін мемлекеттік бюджет, министрліктердің қаржы жоспары, банктердің несиелік жоспарлары және т.б. атқарған болатын.

Экономикалық реформа, кәсіпорындардың дербестігін арттыру және шаруашылықты жүргізудің жаңа нысандарына өту жағдайында қаржы ресурстарының әдеттегі әдістерін қолдану шектеле бастады. Сонымен қатар, қаржы ресурстарын министрліктер арқылы салааралық бөлу біршама қысқарды. Бұның өзі кәсіпорындардың қосымша қаржы ресурстарын өз бетінше тұтыну және оларды сату арқылы қаржы нарығын құруға қолайлы жағдай жасады.

Қаржы нарығы өзіне тән инфрақұрылымы және жаңа принципті ақпаратты ағымы бар күрделі экономикалық қатынастар саласы. Сондықтан қаржы нарығын құру үшін бағалы қаражаттар әлсіздену, қаржы инфрақұрылымын құру және ақпаратпен қамтамасыз етуге байланысты жүйелі мәселелерді зерттеу қажеттілігі пайда болды. Өтпелі кезеңде қаржы нарығының дамуы қаржы несиелік жүйесін қайта құру проблемасын туғызады.

Бүкіл дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғандай, нарықты экономикаға тек қаржы қатынастарының екі түрі – бюджеттік және нарықтық бір – бірімен тығыз байланыста болады. Мемлекеттік бюджет пен басқа деңгейдегі бюджеттер, сондай-ақ бюджеттік емес орталық қаржы қорлары кәсіпкерлік табыс және азаматтардың табысының бір бөлігін алу жолымен құрылады және оны мемлекеттің мақсатына сәйкес қайтарылымсыз бюджет қаражатымен бөлу арқылы пайдаланылады.

Ақша ресурстарын бюджеттік пайдалану нарықтық пайдаланумен толықтырылуы қажет. Қаржы нарығында ақша толыққанды тауар ретінде көрінеді және оны пайдаланудың бағасы нарық заңына сәйкес, сұраным мен ұсыным негізінде орнығады. Қаржы нарығы жағдайында – кәсіпорындар, ұйымдар және адамдар ақша қорлары арқылы жасалған табыстарын, ал халық шаруашылығы қосымша қаржы көздерін тұрақты алуға талпынады.

Бұндай нарық капиталының кәсіпорындардың шын мәніндегі өзін - өзі қаржыландыруы мүмкін емес.


Қаржы нарығы жоқ жағдайда ақша ресурстарын бюджеттік әдіспен пайдалану басым болады. Ондай әдіс біздің осы уақытқа дейін жүргізген шаруашылық механизміне тән болады. Ақша ресурстары мемлекеттің қолында шоғырланды және мемлекеттік бюджет арқылы ұлттық табыстың үштен екісі қайтадан бөлінді. Несие жүйесінде тек мемлекеттік банктер жұмыс істеді, ал олардың қызметтерінде кәсіпкерлік белсенділік болмады. Бюджет қаражаттары және несие ресурстары, оларды пайдаланудың тиімділігі ескерілмей “тек жоспар бойынша ғана” бөлінді. Осындай саясаттың нәтижесінде шығынмен жұмыс жасайтын рентабельділігі (табыстық) төмен кәсіпорындар қаржыландырылды, жалпы ұқыпсыздық жасырылды, сөйтіп мемлекеттік бюджеттің тапшылығы күшейді. 1965 жылғы басталған шаруашылық реформалардың нәтижесінде кәсіпорындардың қаржы ресурстары едәуір өсті, бірақ оларды пайдалану қатаң бақылауда болады. Қаражаттарды кәсіпорындар, кәсіпорындар мен адамдар, кәсіпорындар мен банктер арасында қайта бөлуге тыйым салынды. Кәсіпорындардың қаржылары олардың банкідегі есеп шоттарына процентсіз сақталды.

Бізге қаржы нарығын қалыптастыруда батыл қадамдар жасау міндеттері, яғни бағалы қағаздар нарығын құру, несие жүйелерін коллмерциалдық және кәсіпкерлік негізге көшіру, сондай-ақ қаржы нарығының инфрақұрылымын дамыту қажеттігі тұр.

## 1.2 Қаржы нарығы: абритаж және нарық тиімділігі

Жақсы жұмыс атқарып жатқан қаржы нарығының келісті айнымас қасиеті, олардың қатысушылары табыс табу үшін жаңа мүмкіншілікті іздеуді жүргізуі. Олардың айналысатын ақша сомалары сондай үлкен, ал қосымша төуемелді қажет ететін мәмілелер бес минуттан көп тұрып қалмайды және де

ақпарат ағыны соғырлым тез ауысып отырады. Осы себептен нарық тиімділігі нәтиже аبریсаж шартын құрады, жни аبریтаж мүмкінділігін жоқды. Аבריтажды көп түрі бар. Кең көлемді аبریтаж инвесторлар кез келген бір активтің әр түрлі биржаларда бағалар сәйкессіздігін тапқанда пайда болады. Мысалы, үлкен коммерциялық банктер бір-бірінен банкаралық пайыздық мөлшерлемеге қарызға ақша алады.



1978-1998 жж. Ашайлық міндеттеме бойынша неміс маркасы мен ішкі пайыздық мөлшерлемелер арасындағы байланыс.

Суретте Франкфурт пен Лондондағы неміс маркасын қарызға алудың пайыздық мөлшерлемелері салыстырылған. Осы мөлшерлемелер арасындағы

қатынаста айырмашылық пайда болғанда, екі жақта да жұмыс атқаратын кәсіби банкілер “арзан” жақтан қарыз алып, “қымбат” жаққа несиелік береді, солай пайда табады. Суреттен әбритаж жақсы жұмыс істеп отырғанын байқай аламыз, тек қана 1979 жылдың соңында – 1980 жылдың басында ғана қысқа мерзім ішінде Германияда табыс салығын шетел депозиттеріне енгізгеннен кейін әбритаж жұмысын атқара алмай қалады.

*Нарық тиімділігінің критерии.* Қаржы нарығында тартылған үлкен көлемді қолма-қол қаражат пен техникалық құрылыстарды осы нарықтан белгілі бір “тиімділікті” талап етеді. Нарық тиімділігін жүзеге асыру үшін екі шарт орындалуы керек: біріншіден, нарық болашағы туралы ақпшы және ақпсыз ақпараттарды дұрыс таңдап, талдау өткізіп отыру керек.

Егер нарық тиімді болса, онда нарықтан тыс ақпараттарды жинау өр мағынасын жоғалтады. Егер бүгін ақпараттарға баға төлеудеп жатса, бізге ақпқы себебін іздеу қажет емес, нарық керек ақпаратты алып қажетті қорытынды жасайды. Біз оның бағалағанымызбен келісетіміз.

Нарық тиімділігін дәлелдейтін фактілер күдіксіз, нақты, бүкіл дүниемен қаржы нарықтары үздіксіз келіп жатқан жаңа ақпараттарды қабылдай отырып, тиімді жерде жедел әрекет жасайды.

<i>Бағамта</i>	<i>Биржа</i>	<i>Маміге сомасы</i>
Неміс маркасы	Чикаго сауда биржасы	125 000
Жапон иенасы	Чикаго сауда биржасы	12.5 млн.
Австралия доллары	Чикаго сауда биржасы	100 000
Швейцария франкісі	Халықаралық ақша нарығы	125 000

Кесте үшін қаржы биржасындағы 1990 ж. шілде – 1991 ж. қаңтар айлары аралығындағы орташа индекс бағасы келтірілген. Тамыз айының басында Кувейтке шабуыл жасалуы және сонымен байланысты оқиғалар бүкіл индексстердің динамикасын қалыптастырып, оған қарсы реакция мен



жоғарлату трендігін құрады. Осы ақпараттарды нарық экономикалық әрекет пен валюта бағасы тұрақтысынан бағалап отырады. Мұндай дерек, нарық тиімділігі тек қана ақпарат жинауына ғана емес, сонымен бірге ол ақпаратты дұрыс талдауына байланысты. Кейбір жұмыстарда, нарық тиімділігінен статистикалық ауытқулар көрсетілген. Мысалы, егер бүгін кейбір активтердің бағасы түссе, біраз уақыттан кейін олар бұрынғы деңгейіне жетуі мүмкін. Сондықтан нарық осыған тым қатты көңіл бөліп, тиімділігін жоғалтуы мүмкін. Қалай? Осы активтерді бүгін сатып алсақ, ертең олар пайда әкеледі деген оймен бүкіл арзан активтерді сатып ала бастайды да, қайта бұрынғы деңгейіне көтереді. Бірақ дүниежүзілік тәжірибе осындай жағдайлардың аздығын көрсетеді. Неліктен? Жауап төуекелділікті қабылдауында жатыр.

Неліктен және қай жағдайларда нарық тиімділігінің анық ауытқулары пайда болады?

Осы нәтиженің түсіндірмесін нарықтың профессионалдығына жатқыза аламыз. Бірақ бұдан басқа себептер де бар. Олардың біреуі – ол нарықта тәжірибелі саудагерлермен қатар тәжірибесіз жасөспірімдердің жұмыс істеуі. Келесі себеп – оңтайлы алытсатарлық көпіршіктердің болуы.


Саудагерлердің барлығы оңтайлы болуы керек емес. Олардың кейбіреулерінің ғана активтердің нақты бағасы туралы нақты ақпараттары бар, ал қалғаны тек қана айқай – шулы саудагерлер. Осы айқай – шулы саудагерлер дұрыс хабардар болмағандықтан, немесе профессионалдық болғандықтарынан өздерін ойыпай ұстайды. Нәтижесінде олар басқа хабардар бәсекелестерінің жеңіліп қалады. Шулы саудагерлер нарықта бірін – бірі алмастырып, біреулері келіп, екіншілері ұтылып қалып кетіп жарады. Кәсіпқойлардың тиімді және оңтайлы мінез-құлқына қарамастан, ақция бағалары өзінің түбегейлі мәнінен ұзақ уақытқа ауытқуы мүмкін.

Тиімділіктің ауытқуының келесі түсіндірмесі көпіршіктермен байланыстырылады немесе нарықтық бағасының шын мәніндегі бағасынан тұрақты ауытқуына байланысты.

Тарихта “көпшілікке” бағланысты көп мысалдар бар. Олардың бірі XVIII ғасырда болған бүгін дүниеге танымал голландық “қызғалдаққа қызығушылық”.

“Көпшілік” қызғалдақтардың экзотикалық түрлерін қосады, демек түбегейлі бағалылығы бар.

Суретте 1637 ж. алғашқы екі айдағы қызғалдақтардың бағалары көрсетілген, баға 3000% өсіп, одан кейін құлдыраған.



### “Қызғалдаққа қызығушылық” 1637.

Тағы бір мысал, қызғалдақтың кейбір сортына баға 1637 жылдың екінші қаңтарында әдеттегіден 20 есе жоғары болады. Осы заманғы мысалдардан, 70-жылдың соңындағы алтынның өсуі және дүниежүзілік қор нарығында Жапония, Ұлыбритания, Швеция және т.б. мемлекеттерде жылжымалы мүлікке 80-жылдары бағаның өсуі. Осының әрбір мысалында нарық қатысушылары дүрлігіс жалғаса береді.

## Бөлім II. Нарық жағдайындағы қаржы – несиелік жүйесі

### 2.1 Несиелік – банк жүйесі

Ақша қорының ауыспалы пайдаланымы кезінде кәсіпорын, бірлестік, акционерлік қоғам, холдинг, трест, иелікші мен шығын және орта бизнес сериестіктерінің өндіріс уақыты мен өнім айналымы арасындағы айырмашылыққа байланысты шаруашылықтың кейбір бөлімшелерінде уақытша ақша қорының пайда болғандығын байқаймыз. Ал, қалған бөлімшелерде ақша қорына қажеттілік туып отырады. Осы мүмкіндіктер несиелік – банк жүйесінің өмір сүруіне жағдай жасайды. Сондай-ақ тұрғындар мен әртүрлі ұйымдарда уақытша еркін қалған ақша қорлары пайда болады.

Банк ұсынатын несиелер – қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді бағыт жіктеледі. Қысқа мерзімді несиелер бір жылға беріліп, айналым қорларын қалыптастыруға жұмсалады. Орта мерзімді несиелер екі-үш жылға жаңа құрылысқа, өндірісті техникалық қайта қаруландыру және жаңғыртуға, жаңа техника мен технологияға беріліп, олардың үш жылға қайтарымды болуы міндетті.

Ұзақ мерзімді несиелер он жылға және одан да көп уақытқа беріліп, кәсіпорынның негізгі қорларын ұлғайтуға жұмсалады. Бұл несиелер тұрғындардың жеке үй, пәтер соңына және оны сатып алуы үшін беріледі.

Несиелік бірнеше түрі бар:

- а) банктік,
- ә) чектік,
- б) коммерциялық,
- в) тұтыну,
- г) жалпы қаралым.

Банктік несиелерде клиент вексельді дисконттанып, оған есеп-шот ашылады.

Есеп-шотқа дисконтталған вексельдің құны салынады.

*Чектік несиеде* банк қарыз сомасын ұсынады. Осы сала көлемінде клиент төлемдерді өтеуі үшін чек жазып береді. Берілген уақыт мерзімінде қарыз өтелуі қажет.

*Коммерциялық несие* төлемдерді төлеуді созу үшін береді.

*Тұтыну несиесі* – тұтынушыға тауар мен қызмет төлемдерін соза орындау үшін қажет.

*Халықаралық несие* сыртқы экономикалық байланыстарға қызмет жасайды.

*Несие өзінің қызметін банк арқылы жүргізеді. Экономикалық көзқарас тұрағынан, банктер – несие – қаржы мекемесі. Банктің негізгі қызметі тұрағындар мен ұйымдардың, кәсіпорындардың еркін ақша қорларын тартым қорландыруды жүзеге асыру.*

Банк жүйесіне әлеуметтік тәжірибе көрсеткендей ұлттық банк, басқаруда банк ұйымдарының түрлері және арнайы осы сала мекемелері де жатады. Сондай-ақ, коммерциялық, сақтандыру, инвестициялық топтар мен кей елдерде ипотекалық банктер де жатады. Аталған мекемелердің әрқайсысы өз қызметін атқарады. Ұлттық банк ақша эмиссиясымен, мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сатумен айналысып, коммерциялық және жиынтық банктегі несие резервтерін реттейді.

Коммерциялық банктер кәсіпорын мен компаниялар тұрағындардың бір бөлігін ақшалай қорларын шоғырландырып, банктің коммерциялық қысқа, орташа несие беруін жүзеге асырады. Жиынақтық банкілер тұрағындардың салымдарын шоғырландырумен айналысып, өзінің қорларының денін мемлекеттік бағалы қағаздарға салады. Инвестициялық банктер бағалы қағазды сапуга делдалдық жүргізіп, өнеркәсіп үшін кеңес беру қызметін жасайды.

Біздің елімізде банк жүйесіне:

- *Ұлттық банкте* енеді. Оның мекемелері – бөлім, конторлары – барлық облыста, аймақ пен қалалар да бар. Жалпы біртекті ақша өлшемі

«тенгеге» негізделіп, олар біркелкі банк жүйесін құрып, резервтік жүйесі қызметін атқарады;

- *Коммерциялық банкетер* жеке және заңды тұлғалар түрлі қызмет жасай отырып, келісім негізінде несиені – есепті де жүзеге асырады.

*Коммерциялық банкетер әртүрлі меншік негізінде құрылады. Олар – акционерлік, кооперативтік, шетел банк капиталының қосылуымен жеке банктен бастап мүмкін. Коммерциялық Банктен салынған алғашқы капитал немесе оның бір бөлігі мемлекетке жатады. Банктің кейінгі атқаратын қызметі тәуелсіз болып, оның қызметі үшін үкімет ешқандай жауапкершілік алмайды.*

Ұлттық банк ресурстарды тарту жағынан коммерциялық Банктен бәсекелесе алмайды, себебі оның депозиттік пайыз бойынша елгі әдіс жасау мүмкіндігі төмен.

*Коммерциялық банктің классикалық қызметі вексельдік айналымға негізделген. ТМД елдерінде бұл қызмет 30-жылдары жойылды, Қазақстан Республикасында 1997-ші жылы 28-ші сәуірден бастап «Вексельдік айналым туралы» заңын қабылдаумен енгізілді. Вексельдік айналым коммерциялық несиені жүзеге асырсада, қазіргі алатын үлес салмағы шамалы ғана. Кәсіпорынның тауар айналымы арқылы қызметіне вексельдік айналым бақылау жасауды қалтартасыз етеді.*

Банк мекемесінің басты табыс көзі болып берген қарыздың пайызы саналады. Сондай-ақ банктің шығындары да бар. Оларға: тұрғын-жай арендасы немесе оны сатып алу, қызметтерді жалдау, басқа мекемелердің қызмет жасағанына ақы төлеу, ақша капиталы мен сақтандыру қорларын пайдаланғаны, салымдарға төленетін пайыздар және т.б. жатады. *Берілген қарыз бойынша алынған пайыз жиналмасы, бақылау жүргізілген операциялар қабізісімен бірге және осыдан банк шығынын алып тастағандағы қалдық банк пайдасы болады. Банк пайдасының аты маржа деп аталады.*

Банкке табыс жететін операцияны – активті(қарқынды) деп атаймыз. Капиталын қоса арқанды жасалған операцияны – пассивті деп атаймыз. Қазіргі несиелік – банк жүйесіндегі мақалалар бірнеше шартты түрден құралған. Олардың өзара айырмашылығы активті және пассивті ерекшеліктерімен айқындалады.

Банк ресурстарын - өз капиталы және клиенттер салымы немесе депозиттері құрайды. Банк ресурстарының көп бөлігі депозит болып табылады. Жедел депозит және талап ету бойынша депозиттер болады.

Жедел депозиттер банктерде белгілі мерзімге қабылданып, сол уақытты біткен соң беріледі. Ал, талап ету бойынша депозитті салушы алымы келгенде алуға болады. Бұл депозиттер ағымдағы есеп салымы түрінде жатқызылып, салушы банкпен чектік кітапшаны алады. Сол кітапшаны пайдалана отырып, салушы салым мөлшері деңгейімен кез келген сомаға чек жазу құқығына ие болады.

Атауы	Активті(қарқынды) операция	Пассивті(қарқынсыз) операция
Эмиссиялық банктер	Мемлекет пен коммерциялық банктерге берілген қарыздар. Мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу.	Банкноттарды шығару, мемлекеттік бағалы қағаздарды сату.
Коммерциялық банктер	Қысқа және орта мерзімге қарыздарды беру. Мемлекет облигациясын сатып алу.	Тұрғындар мен кәсіпорындардың ақшалай салымдары.
	Облигация	мен Банк несиелері

Инвестициялық банктер	акцияны орналастыру. Қаржы операциясындағы делдалдық.	Жеке адамдар мен кәсіпорындан сақтандыру сыйлығы.
Сақтандыру қоғамдары.	Ұзақ мерзімге қарыздарды беру. Жеке облигацияларды сатып алу. Акцияларды сатып алу.	Тұрғындардың ақшалай салымы.
Жинақ банкі	Ұзақ мерзімге қарыздарды беру.	Тұрғындарға өз акциясын сату
Инвестициялық компаниялар	Басқаның облигациясы мен акциясын сатып алу.	Жұмысшылар мен қызметкерлердің жарнасы.
Зейнеткерлік қорлар.	Қарыздар. Облигация мен акцияларды сатып алу.	

## 2.2 Бағалы қағаздар және олардың айналу мәселелері. Қор биржасы

Бағалы қағаздар иесіне табыс әкелетін, оның кәсіпорын (фирма) мүліктеріне қатыссыз бағалығын құрап отыратын коммерциялық құрылым. Бағалы қағаздар табыс иелеріне дивидент түрінде әкелінеді. Қазақстан Республикасы Президентінің «Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы» 1996 жылғы 21 – сәуірдегі жарлығына байланысты елімізде бағалы қағаздар

нарығы айналымына акция, облигация, мемлекеттік қазыналық міндеттемелер, жинақталған депозит, сертификаттарды және кәсіпкерлік жабарларды жіберіледі.

Бағалы қағаздар ережесі бойынша оларды нарыққа еркін сату ҚР-сы 1997-ші жылғы 15-ші наурыздағы «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына сәйкес жүргізіледі.

*Кампания сатушының сенімділігіне, табыс әкелудің тұрақтылығына тек облигация ие бала алады.* Облигация сатушылардың ақша қаржыларын куәландырады. Сондай-ақ номиналды құнның толтырылу міндеттілігін қуаттап, оның белгіленген уақытта мөлшерлі пайызын қайтаруда ескереді. Пайыз салымының белгіленген мерзімінде тең порциямен төленеді. Кейбір облигацияларды пайыз арнайы өтемейді. Облигацияны жабу кезеңінде сатып алынған бағасы мен несіне сатылған баға айырмасы ретінде төленеді.

*Облигацияның бірнеше түрі бар: мемлекеттің ішкі және жергілікті зайым облигациясы, мақсатты зайымдар облигациясы, аймақтық облигация және кәсіпорын облигациясы.* Облигация әртүрлі болып шығарылады: өзіндік және талап етушіге, пайыздық және процентсіз, еркін айналыста және шекті айналыс шеңберінде. Бұдан басқа мемлекет әртүрлі қазыналық міндеттемелер түрін шығарады. Бұл тұрақтардың өз еркімен мемлекеттік бағалы қағаздарды сату түрлеріне жатады және олардың ақшалай қорын бюджетке ұстаушыларды куәландырады. Куәландырылған құжат нақты табысты бағалы қағаздардан белгіленген барлық мерзімде алып тұру құқына ие болады. Қазыналық міндеттемелердің мына түрлері бар: ұзақ мерзімді, орташа мерзімді, қысқа мерзімді. Ұзақ мерзімді қазыналық міндеттемелерді алушылар үшін мемлекет 5-ден 25 жылға дейін шығарады. Бұл қазыналық міндеттемелер бойынша табысты жыл сайын купонмен төлейді немесе міндеттемелерді номиналға жыл сайын төлеп жасамай-ақ пайыз төлеу арқылы жабуды көздейді. Орта мерзімді қазыналық міндеттемелер 1 жылдан 5 жылға дейін шығарылып, купонға ие болмайды. Қысқа мерзімді міндеттемелер келеріне 3 және 6,12 айға шығарылады. Бұл



міндеттемелер купонға не емес және олардың жабылуы, оған жазылған пайыз көлемінде қосып батып алу жолымен жүргізіледі.

Бағалы қағаздардың көпесі түрі акция болып табылады. Акция – акционерлік қоғамның мүлкіне белгілі пайда салғанын, ұнатпайтын бағалы қағаз және оның иесіне пайданың бір бөлігін дивиденд түрінде алу құқығын береді. Акцияны – акционерлік қоғам, кәсіпорын, ұйымдар, коммерциялық банк, кооперативтер мен басқада мекемелер шығарады. Олар ұжымдық меншікке негізделген немесе толық мемлекеттік меншік шаруашылығында болады. Акция бағалы қағаздар нарығы – бір биржасында сатылады және сатып алынады. Акция бұл процесті бикажалық емес сауда негізінде де жүзеге асырады. Акцияның номиналды құны мен нарықтық бағасы бар. Акцияның нақты бағасы акционерлік қоғам пайдасының мөлшеріне тікелей байланысты өзгереді.

Бағалы қағаздар сауда – сатушының сұратымы қор биржасы болады. Бұл тұрақты маңыз істейтін, тәртіптілікті қатаң сақтайтын қаржы мекемесі немесе сатушы мен сатып алушы белгілі жағдайда бір – бірін табатын тұрақты орын.

Қор биржасы көп жағдайда маңыз болады. Себебі қор саудасында қор мүшелері айна қатыса алады. Қор мүшелері брокер (брокер) мен дилерге бөледі. Олар табыстың бір бөлігін биржада клиенттер тапсырмасын орындап, делдалдық операция жасау арқылы табады. Биржа мүшелерінің құралынан биржа комитеті сайланып, арнайы комиссия ұйымдастырылады. Комиссия бағалы қағаздарды биржа операциясына жіберу туралы шешім қабылдайды.

Қазіргі кезде дүниежүзінде 60 – тан астам елде 200-ге жуық қор биржасы бар. Олардың ішіндегі ең ірілері: Нью – Йорк (1023,2 млн.долл.), Лондон (76,4 млн. долл.), Токио (392,3 млн. долл.), Париж (19,3 млн.долл.) биржалары болып табылады. Қазақстан Республикасында қор биржасын құру процесі енді ғана басталуда. Бұл процесс меншіктің қалыптасуы кезінде жеделдей түседі. Қазақстанда 1995 жылы сәуір айында «Бағалы қағаздар және қор биржасы» туралы Заң қабылданды. Онда жалпы құқықтың

ұйымдық жағдайлар айқындалып, оны шығару мен айналымға енгізу қаралып, қор биржасы қызметінің негізгі принципі қарастырылған. Алғашқы қор биржасы 1991 жылғы сәуір айында Алматы орталық қор биржасы деген атпен ашылды. Қазақстан қор биржасының жұмысын тәжірибеден айтпа аламыз. Қазақстан Республикасы қор биржасындағы тек көлемді сауда – саттыққа ғана бағалы қағаздар операциясын жатқызамыз.

## 2.3 Мемлекеттік бюджет

### *Бюджет тапшылығы және Мемлекеттік қарыз*

Қаржы жүйесінің негізгі буыны мемлекеттік бюджет болып табылады. Мемлекеттік бюджет ретінде 1991-ші жылға дейін Одақтық бюджет болып келді. Оған барлық Одақтас республикалардың бюджеті енген еді. Бүгінде Қазақстан егеменді ел болған соң, республика үкіметі өзінің ұлттық мемлекеттік бюджетін жасауға кірісіп кетті.

Одақтық бюджет 1984-ші жылдан бастап тапшылық күйіне кірсе бастады. Нарықтық қатынастарға көшу бюджет балансының қатыс есер етті. Ол жылма-жыл қарыздар болған кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығының салмақты дотацияларды бюджет қығына артумен түсіндіріледі. Өнеркәсіп өнімін сатып алу бағасы мен ауыл шаруашылығы өнімін сату бағалары тең – теңдігінің бұзылуы нәтижесінде де болады. Күрделі әлеуметтік бағдарлама мен қозғалысқа кеткен шығындарды мемлекет дотациялап отырады.

*Мемлекеттік бюджет – мемлекеттің негізгі қаржылық жоспары. Ол мемлекеттің шығын мен табыстарының балансы. Бюджет ұғым француздық сөзі немесе қабис пен шығындарды беру.* Бюджет табысы мен шығын құрылымы және нарықтық экономикада елдің мемлекеттік бюджеті жеке бағдар бойынша ара салмағы төмендегідей:

Табыстар	Жеке	Шығындар бағдар%	Жеке
----------	------	------------------	------

	Баптар%		
Салық, акциз, Баж салығы	75 – 80	Халық шаруашылығы	30-40
Салықтық түсімдер (мемлекеттік меншіктен табыстар)	5 – 8	Әлеуметтік шығындар (денсаулық сақтау, білім, жергілікті органдарға субсидия)	
Мақсатты бағыттағы қорларға түсімдер: әлеуметтік, медициналық қамтамасыздандыру; зейнеткерлік қамтамасыздандыру;	10-12	Қарулану мен сыртқы экономикалық қызмет шығындары	20 - 10
		Құрық қорғау органын басқару мен оған басқа қажетті шығындар	
		Мемлекеттік қарыз төлемі	
Барлығы	100,0	Барлығы	100,0

Егер шығындар табыстан асып кетсе, бюджет тапшылығы пайда болады. Бюджет тапшылығы жою үшін табыс бөлігін толықтыру қажет немесе мемлекеттік бюджеттің шығын бөлігін қысқартқан жөн. Бюджеттің табыс пен шығындар айырмашылығын жабу үшін, мемлекет табыстырылған вариантына көшеді. Демек мемлекет ұлттық Банк несиелерінің, тұрғындардың халықтық банктегі салымдарының, сақтандыру қорларының, белгіленген бөлігін алып отырады. Осы сомалар мемлекеттік қарызды құрайды. Бұл мемлекеттің ішкі қарызы.

Мемлекеттің ішкі қарызынан басқа сыртқы қарызы да болады. Бюджет тапшылығын бәсеңдету үшін мемлекет тек қана ішкі мүмкіндіктермен ғана шектелмей, қайтару мақсатымен сыртқы зайындар мүмкіндіктерін де пайдаланады. Міне, осылай мемлекеттің сыртқы қарызы да пайда болады.

## Бөлім III. Қазақстан Республикасындағы қаржы нарығы

### 3.1 Қаржы және валюта нарығының ерекшелігі

Нарықтық экономикада – адамзат экономикасының жоғарғы жетістігі және өндірісті ұйымдастырудың тиімді түрі екендігі дүниежүзі мемлекеттерінің көпшілігінің еркендеу тәжірибесі дәлелденген ақиқат шындық. Ал Қазақстан Республикасы үшін шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістеріне өту – ашық нарыққа өту ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік экономикалық саясаттағы субъективизмнен (әділетсіздіктен) бас тарту.

Бүгінде стандартты бағалы қағаздар нарығын дамытудың жағдайы мен болашағы, оның тиімділігін арттыру маңызды проблемалардың біріне айналып отыр.

Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия Ұлттық Банк пен және Қаржы министрлігімен бірлесе отырып әлемдік қаржы дағдарысының және экономиканың нақты нақты секторларындағы өндірістің қалыңрауынан пайда болған сыртқы және ішкі факторлардың бағалы қағаздар нарығына тигізген жайсыз әсерін төмендету жөнінде белгілі бір дәрежеде жұмыс жүргізіп келеді.

Қазіргі кезең бағалы қағаздарға деген сенімсіздіктің төмендеуімен және оның кірісінің артуымен сипатталады. 1999 жылы сәуір айында валюта бағасы тәртібінің өзгертілуімен бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың төңкеріс алдындағы бағаны қатысты сақтық білдіруі айналыстағы мемлекеттік қағаздар ауқымының азайып кетуіне әкел соқты. Өйткені Қаржы министрлігі екінші тоқсанда тектелен бағаланған қысқа мерзімді қағаздар шығаруды тоқтатты.

Нарықты дамыту мақсатында инвесторларға валютамен бағаланған қысқа мерзімді Маңғыстау облысы әкімшілігінің облигацияларын шығару жүзеге асырылды.

Қазақстандағы капиталды нақты секторға еркін бағыттай алатын қор нарығының қалыптастыраандығына айрықша көңіл бөлу керек. 1998 жылғы қор

нарығында құрылымдық инвесторлардың – жинақтаушы зейнет ақш қорларының пайда болуына байланысты бұрынғыдан да дами бастады. Өйткені қор нарығының барлық салаларының ішінде әсіресе жинақтаушы зейнетақы қорларының қаржылық бағалы қағаздар нарығына қатысқаны мейлінше маңыздырақ.

Қор нарығы - нарықтық экономикаға бет бұрған өркениетті мемлекеттің айқын сипаттарының бірі. Өйткені ол ең әуелі меншік қожалықтарын өркениетті түрде акцияларды сатып алу жолымен жүзеге асырады. Соның нәтижесінде кез келген инвестор іс-қимылы айқын әрі кез келген компанияның әрекетімен таныса алады.

Сөйтіп инвестор қыры-сыры беймәлім, “айдалада ақ отау, аузы – мұрны жоқ отау” сатып алмайды, ақшаны қайда сатылатынын, ең бастысы кәсіпорын қуатының қай аламанда екенін, менеджменті қалай қалыптасқанын, бәрі – бәрін алдын ала білетін болады. Жеке кәсіпорынның өзінде меншік несінен жан – жақты хабардар болмақ.

Екіншіден, қор нарығы субъективті факторлардан толықтай тәуелсіз болып, экономиканың нақты барометріне айналады, сөйтіп, алдын ала экономикадағы ақуалды талдау үшін де және ең маңыздысы, оң болжам жасау үшін де қызмет атқарады.

Үшіншіден, дамыған қор нарығы трансферттік менеджментті талап етеді. Яғни бір меншік иелігін басқаратын компания сол жеке тұлғаның атынан немесе меншік несінің талпыруы бойынша сөйлей алады және егерде ол компания жасалған шарт бойынша талаптарды орындамайтын болса, меншік несі бір жақты тәртіппен келісімді бұзады. Мұндай алғышарттар қалыптаспаған жағдайда өркениетті корпорациялық басқаруды талап ету қиын.

Осы секілді тәнсіздіктер салдарынан акциялар пакеті басқаруға берілетін компаниялар өздерін меншік несі секілді ұстайды да, ал меншік несі, тіпті, өз акцияларының қожалысын қадағалау мен оларды басқару былай тұрсын, істің

– жай күйіне көз жеткізе алмай дал болады. Экономикада дәл қазір осындай келеңсіздіктермен бетпе-бет келіп отырады.

Төртіншіден, иррационалдық ғана халықтың ақшасын нақты секторға тарта алады, сөйтіп азаматтардың бұл ақшасы еліміздің игілігіне жұмыс істейді және сонымен қатар азаматтарының өз кірістерін капиталға айналдыруына мүмкіндік береді. Ең бастысы, өз акцияларының тағдыры не болып жатқанын әр кезде де көріп, біліп отыруға мүмкіндік алады.

### 3.2 Қаржы нарығында қолданылатын ақша агрегаттары

Негізгі ақша агрегаттарына қазіргі кезде ақша – несие статистикасын құрумен талдауға қолданылып жүрген ақша базасы мен ақша жазыма жатады.

Ақша жазыма Ұлттық Банк пен екінші деңгейдегі банктердің баланс шоттарын шоғырландыру негізінде анықталады және құралына айырбастағы қолма-қол ақша және жеке тұлға резиденттері мен үй шаруашылығы резиденттерінің депозиттері кіреді. Төменде ақша агрегаттарының құралы келтіріледі:

- 1) M0 (айырбастағы қолма-қол ақша немесе банк жүйесінен тыс ақша);
- 2) M1 , M0 + Банктік емес заңды тұлғалар мен халықтық деңгейдегі аудармалы депозиттер;
- 3) M2 , M1 + теңдедегі басқа депозиттер және банктік емес заңды тұлғалар мен халықтың шетел валютасындағы аудармалы депозиттері;
- 4) M3 (ақша жиыны), M2 + Банктік емес заңды тұлғалар халықтың шетел валютасындағы басқа депозиттері;

“АҚШ долларының айырбас бағамы” кестесіндегі KASE – де белгіленеді валютаның кезекшіліктегі орташа өлшемді біржолық айырбас бағамы орташа өлшемді арифметикалық формула бойынша есептеледі:

$$K_{op/o} = \frac{K_1 * Q_1 + K_2 * Q_2 + \dots + K_n * Q_n}{Q_1 + Q_2 + \dots + Q_n}$$

Мұнда:  $K_1 \dots K_n$  –  $n$  мәміле бойынша бағам;

$Q_1 \dots Q_n$  – күлөміленің көлемі;

Кезіндегі орташа ресми айырбас бағамы Ұлттық Банк есеп жүргізу мен кеден төлемдері мақсатында оқтын-оқтын белгілейтін ресми айырбас бағамдарының негізінде мына формула бойынша есептеледі:

$$K_{ор} = \frac{K_1 * N_1 + K_2 * N_2 + \dots + K_n * N_n}{n}$$

Мұнда:  $K_1 \dots K_n$  –  $n$  кезең ішіндегі жүретін бағам;

$N_1 \dots N_n$  –  $n$  кезең ішіндегі жұмыс күндерінің саны;

Орташа жылдық бағамдар орташа жай арифметикалық формула бойынша анықталады:

$$K_{ор/жыл} = \frac{K_1 + K_2 + \dots + K_n}{N}$$

Мұндағы:  $K_1 \dots K_n$  –  $n$  айдың валютаның орташа өлшемді бағамы;

$N$  – жыл ішіндегі айлар саны.

Мемлекет ішіндегі айналыстағы шетел валютасының көлемі, ҚР Ұлттық Банкінің мәлімдеуінше, 1999 жылғы 170 млрд. теңгеден екі есе өсті. Теңгенің негізгі функцияларын елімізде шетел функциялары атқаруда. Қызмет көрсетулер мен тауарлар (машина, үй жиһаз, туристік жолдама, т.б.) доллармен бағаланады.

Қазақстандық теңгенің әлсіздігі тағы да үкіметтің монетарлық саясатынан, экономикамыз әр түрлі сапасы төмен жасанды ақша өнімдеріне, вексельдер мен қазына міндеттемелеріне толы.

Олардың жалпы көлемі қазіргі уақытта теңгенің ақша жиырына тең. Сондықтан Қазақстан Ұлттық Банкі долларға айырбастау бағамының ауысуына шек орнатқан, ол кейде “валюталық дәліз” деп аталады. Оның мағынасы – мемлекетте долларға қатысты теңге бағамын қолдану тетігі құрылғандығы және оның тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етуінде. Кейбір

кезде Ұлттық банк оны түрлендіріп, жаңартып отырады, бірақ мүлдем жоймайды.

### 3.3 Қазақстан Республикасындағы валюта саясаты

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, нарықтық экономика жағдайында қалықаралық валюталық қатынастарды реттеу екі түрде жүзеге асырылады:

- нарықтық реттеу;
- мемлекет тарапынан реттеу;

Валюталық нарықта валюталарға деген сұраныс және ұсыныс, сондай-ақ олардың бағалық шекті қатынастары қалыптасады. Нарықтық реттеу ұш заңына бағынады. Мұндай заңдардың валюталық нарықтағы бәсекелестік жағдайында жұмыс жасауы, валюталар айырбасының қатысты баламашығын, тауарлар, көрсетілетін қызметтер, капиталдар несиелер қозғалысына, байланысты әлемдік шаруашылықтың қажеттілігіне валюталардың қалықаралық ағымының сәйкес келуін қамтамасыз етеді. Баға механизмі және нарықтағы валюталық бағам динамикасының белгілері арқылы экономикалық агенттер валюталарды сатып алушылардың сұранысы мен оларды ұсыну мүмкіндіктері туралы біле алады. Сонымен бірге, нарық валюталық операциялардың жағдайы туралы ақпараттар көздері болып табылады. Бірақ та мемлекет ертеден бері валюталық қатынастарға араласып келген, бастапқыда ол жаңама түрде кейіннен оның әлемдік шаруашылықтағы маңыздылығын ескере отырып, тікелей араласа бастады. 30 – жылдардағы XX ғ. алтын стандарты алынып тасталуына байланысты валюталық бағамды реттегіш ретінде алтын механизмі міндетін тоқтатты. Бағамдық шекті қатынастардың аяқ асты ауытқуы мен валюталық дағдарыстар ұлттық және әлемдік экономикаға теріс әсер ете отырып, ауыр әлеуметтік – экономикалық зардапқа ұшыратты.

Нарықтық және мемлекеттік валюталық реттеу бірін – бірі толықтырады. Біріншісі, бәсекеге негізделген, яғни дамуды ынталандыра түссе, ал екіншісі,



валюталық қатынастарды нарықтық реттеудегі теріс салдарды жоюға бағытталған. Екі реттейгіш арасындағы шекара нақты жағдайлардағы тиімділік және шекараға байланысты анықталады. Сондықтан да олардың арасындағы шекті қатынас жиі ауысып отырады. Дәғдарыс, соғыс және тағы басқа қиын жағдайларда қатаң мемлекеттік валюталық реттеудің маңыздылығы артады. Сондай-ақ валюталық – экономикалық жағдайдың жақсаруы барысында валюталық операциялар ырықтандырылып, бұл аумақта нарықтық бәсеке орын алады. Бірақта мемлекет бұл жағдайда да валюталық қатынастарды қалыпқа келтіру және қадағалау мақсатында валюталық бақылау жасайды.

Нарық экономикасын реттеу жүйесінде *салымалық саясат* ерекше орын алады.

*Салымалық саясат* – бұл елдің жылдық және стратегиялық мақсаттарына сәйкес қалыңдық валюталық және басқа экономикалық қатынастар аумағында жүзеге асырылатын шаралар жиынтығы.

Валюталық саясат экономикалық саясаттың ең басты мақсаттары: тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге, жұмыссыздық пен инфляцияның өсуді тоқтатуға, төлем балансындағы тепе – теңдікті ұстап отыруға бағытталады.

Валюталық саясаттың басты бағыттары мен формалары елдердің валюталық – экономикалық жағдайына, әлемдік шаруашылықтың эволюцияларына, әлемдік аренадағы күштердің орналасуына байланысты анықталады.

Занды түрде валюталық саясат валюталық заңдылықтар, яғни елдегі және одан тысқары жерлердегі валюталық бағалықтармен байланысты операциялардың жасалу тәртібін реттейтін құқтық нормалар жиынтығымен, сондай-ақ екі жақты көп жақты валюталық проблемалар бойынша мемлекеттер арасында жасалаты келісімшарттарға сүйенеді.

Валюталық саясатты іске асырудың басты бір құралы валюталық реттеу болып табылады.

*Тікелей валюталық реттеу* – заңды актілер және атқарушы өкіметтің әрекет ету жолымен іске асса, ал *жанама валюталық реттеу* – нарықтың экономикалық агенттерінің мінез – құлықна экономикалық, валюталық және несиелік әдістерді пайдалану арқылы әсер етеді.

Мемлекетаралық валюталық реттеу ұйымы – Халықаралық Валюталық қор (ЖВҚ) болып табылады.

Валюталық саясат өзінің мақсаттарына және формаларына байланысты екіге бөлінеді:

- 1) құрылымдық валюталық саясат;
- 2) ағымдық валюталық саясат.

*Құрылымдық валюталық саясат* – дүниежүзілік валюталық жүйедегі құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруға бағытталған ұзақ мерзімді шаралар жиынтығы.

Ол валюталық саясат реформа формасында іске асырылады. Құрылымдық валюталық саясат ағымдық валюталық саясатқа әсер етеді.

Ағымдық валюталық саясат – валюталық бағалық, валюталық операцияларды, валюталық нарық пен алтын нарығының қызметтерін күнделікті оперативті түрде реттеуге бағытталған қысқа мерзімді шаралар.

Валюталық саясаттың мынадай формалары қолданылады:

- 1) *Дисконттық валюталық саясат*
- 2) *Девиздік валюталық саясат*

Сонымен қатар, девиздік саясаттың мынадай жүзеге асырылу формалары болады:

- a) *валюталық интервенция;*
- ә) *валюталық резервті диверсификациялау;*
- б) *валюталық шоттеу;*
- е) *валюталардың алмастырылу дәрежесін реттеу;*
- г) *валюталық бағам режимі;*
- д) *девальвация;*
- з) *ревальвация;*

## Қорытынды

Қаржы нарығы болашақ пен тәуекелді бағалайды. Сондықтан үй шаруашылықтары мен корпорацияларға қор жинау мен несиелену туралы шешім қабылдау ақпарат жинаудан қажеттілігінен басталады. Қаржы активтерінің табиғаты – бұл үлкен көлемді активтер ірі, жақсы ұйымдасқан нарықтарда сауда жүргізу жеңілдігі, сақтау арзандығы. Сол себептерден оларды біз басқа нарықтағы ағын ретінде емес, қор ретінде қарастырамыз. Қаржы нарығындағы нарықтық тепе – теңдік осы нарыққа ұсыныс және сұраныс көлемдері арасында орнатылады. Қорлардың сұранысы үлкен болуы үшін активтердің сапалылығы мен табиғаттылығы бірдей болуы керек. Ешқандай тәуелсіз тепе – теңдік орнатылатын қызмет түрі абритаж деп аталады. Абрижажды тәуекелді ұстаумен шатастыруға болмайды, біріншісі тәуекелдің толық жоқтығын қарастырады, ал екіншісі инвестордың тәуекелді болуын есепке алады. Нарық тиімді болуы үшін, ол бар активтері туралы толық ақпаратты жинап отыруы қажет және әр актив өз тәуекелділігі бойынша дұрыс бағалануы қажет. Қазақстандағы қаржы нарығы көбінесе шетел компанияларының бағалы қағаздары мен қорлары бойынша операциялар жүргізуде.

Екіншіше орай, еліміздегі көптеген кәсіпорындар мен ұйымдар қор нарығына белсенді араласуға және оның мүмкіндіктерін пайдаланып, қосымша қаржы көздерін тартуға дайын емес болып шықты. Тапшылық мәселерін шешуге мемлекеттің өз активтерін басқарудағы икемсіздігі де елеулі кедергі келтіруде. Осы уақытқа дейін үкімет ұлттық компанияларын мемлекеттік емес облигациялардың элементтері ретінде қуатында пайдаланған емес. Сондай – ақ мемлекеттік емес бағалы қағаздардың тартымдылығын арттыру мәселелері де шешілген жоқ. Көптеген элементтер шығарылған бағалы қағаздар бойынша кірісті уақытша есептеу мен ақша аударуда тәртіпсіздікке ұрынады, корпорацияның басқарудың тиісті нормаларын өз деңгейінде сақтамайды. Мұның ұсақ акционерлерінің

құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына, өзінің іс - әрекеттері жөніндегі ақпараттары ішкі және сыртқы инвесторлардың сұранысына сай тиісті деңгейде ашық көрсете алмауына соқтыруда.

Валюта нарығының сауда объектісі - әр түрлі валюталар, яғни коммерциялық банктар жүйесінің етімді пассивтері. Қазақстанда көбінесе төрт валюта (АҚШ доллары, жапон иенасы, еуро, ресей рублі) бойынша сауда жүргізеді.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ильясов К.К., Құлтығбаев С. Қаржы: Оқулық – Алматы 2005 -552 бет.
2. «Ақша, несие, банкітер», оқулық.-Алматы, Экономика, 2001 -446 бет.
3. Аубакиров Ж.Ә. «Экономикалық теория» Алматы, 1999ж 178 бет.
4. Омарбаев С.М. Финансы Астана 2003 ж.
5. Мельников В.Д., Ильясов К.К. Финансы. – Алматы:
6. Нурсейт. А «Теория рыночной экономики» Алматы, 2000г. 233 бет.
7. Худяков А.И «Финансовое право Республики Казахстан». Алматы, 2001 стр 272.
8. Назарбаев Н., Казахстан 2030, Алматы: "Бизнест", 1997 г.
9. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімдік (2030 ж. дейінгі) даму стратегиясы».-Алматы, 1997.
- 10.Ж.О.Ихданов, Ә.О.Орманбеков «Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері», Алматы:Экономика, 2002ж.-218 бет.
- 11.«Экономикалық теория негіздері», оқулық.-Алматы, «Саяси», 1998.-479 бет.
- 12.С.М. Орақбаев , Г.Л. Тойғанбаев , Г.К. Құстағбаев «Кәсіпорынды басқару» Алматы : Экономика 2000